




**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ОҚЫТУ МЕН
ТӘРБИЕЛЕУ ҮРДСІНДЕ ТРИЗ
ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ**



ТРИЗ элементтері – баланың ой - өрісін дамытуға бағытталған жаңа инновация.

ТРИЗ – кең тараған таныс педагогикалық жүйе. Ол – тапқырлық тапсырмаларды шешу теориясына және шығармашылық тұлға дамыту теориясына негізделген. Оны ресейлік ғалым және қиялшыл – жазушы Генрих Альтшуллер жасаған.

МАҚСАТЫ:

- балалардың қиялын ғана емес, сонымен қатар шынайылықты түсініп жүйелі ойлауға;
- өзін - өзі тануға;
- қоршаған ортаның қиындығын байқауға;
- өздерінің шағын қиындықтарын шешуге баулу .

ТРИЗШЫЛАРДЫҢ ҰРАНЫ – «БАРЛЫҒЫН АЙТУҒА БОЛАДЫ!

МОРФОЛОГИЯЛЫҚ
ТАЛДАУ

МИҒА ШАБУЫЛ

ЭМПАТИЯ Т.Б.

ТРИЗ –дің
бөлімдері



I. МИҒА ШАБУЫЛ ӘДІСІ

ТРИЗ технологиясында миға шабуыл әдісі арқылы баланы ойландыруға, мысалға оқу қызметінде жаңа тақырыпты ашу барысында дайын күйінде бермей, тақырыпқа сай жұмбақтар немесе сұрақтар қою арқылы миының жұмыс жасауына ықпалын тигізеді. Миға шабуыл арқылы балалар кез-келген амалсыз жағдайдан да құтылуға болатынын түсінді. Сол себепті балаларда тиімді ойлау негізі қалыптасады. Бұл әдісті барлық білім беру салаларында қолдануға болады.



Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Білім беру саласы: Таным

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Жаратылыстану

Тақырыбы: «Су»

Мақсаты: Су туралы түсініктерін қалыптастыру: төгіледі, жылы, суық, сумен жуынады, суға шомылады.

Көрнекілігі: Стақан, су

Сөздік жұмыс: су-вода

Мотивациялық-қозғаушылық

Балаларды ұйымдастыру.

- Көңіл-күйлерің қалай?

Балаларға жұмбақ жасыру.

Жылт-жылт еткен,

Жырадан өткен

Су

Ұйымдастыру-іздігіру

-Балалар бұл не? Судың түсі қандай? Қане, қолымызбен ұстап көрейікші.

Қандай екен? Ал мынау су қандай?

Су суық болады, түссіз, иіссіз.

-Балалар сумен біз не істейміз?

-Иә, шомыламыз, жуынамыз.

Су таза, мөлдір болады.

Сусыз тіршілік жоқ.

Қане суды мына стақанға құйып көрейік. Мөлдір тап-таза екен. Балалармен әңгімелесу.





II. МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛДАУ ӘДІСІ

Оның мәні – жаңа бейнені құру кезінде белгілі бір мінездемелердің біріктіру нұсқаларын іріктеу.

Нақты шешім қабылдауға болмайтын жағдайды талқылау кезінде қажет.

Морфологиялық талдау әдісін біз көбінесе «Коммуникация» білім беру саласында қолданамыз. Бұл әдіс балаларды қиындықтан амал тауып шығуға, досына көмектесуге, қамқор, мейірімді болуға тәрбиелейді.

Мысалы: балалармен келесі мәселені шешуде бауырсақты түлкіден қалай құтқарамыз;



□ Үйшік ертегісінде: тышқан, құрбақа, қоян, түлкі, қасқыр үйшікте тұрады. Ал енді аю келіп: үйшікте менде тұрсам болама? - дегенде, үйшіктің шатырына шығармай басқа қандай амалын табуға болар еді?





□ жорамалдап таңдалған сөздерден ертегі құрастыру.

Ол үшін мен кез-келген кітапты алып, ертегі негіз құрайтын сұрақтар қоямын, ал балалар жауабын мәтіннің мазмұнын естеріне түсіре отырып айтады. Балалар осылай ертегі құрастыруды ұнатады.



Ш . Эмпатия


Эмпатия (латын тілінен аударғанда «empathia») – өзге адамдардың жан дүниесін түсіну мен жай-күйін ұғыну қабілеттілігі. Эмпатия адам бойында жиі кездесетін, өзіндік мән-мағынасы бар ерекше сезім. Оның айқын көрінісі – өзге адамдардың қиыншылықтарына ортақтасып, оларға жанашырлық білдіру, сол арқылы өзгенің ауыр психикалық жай-күйін өз басынан кешіргендей халге түсуі. Яғни, балаға қиыншылықтан жол тауып шығуына көмектесетіндей тапсырмалар беріп баланы болашақ өмірінде болатын қиыншылықтар мен қатар кез-келген жағдайда оң шешім табуға көмектеседі.



Мысалға: 2-ші кіші топтарында балаларды екіге бөліп, топта не істеуге болады, не істеуге болмайды? **Неге?** деген сұрақты қою арқылы балалардың ойын, жауаптарын білу, ойландыруға, ситуация тудыру қажет. Тағы бір мысал: «Егер сен ағаш болсаң?» деген сияқты ойландыру арқылы өздерін орнына қойып топтағы гүлдерді жұлмауға, қамқорлыққа үйренеді.

Мнемотехника





ТРИЗ технологиясында тек қана бала тілін дамыту, байланыстырып сөйлеуіне ертегілермен, жұмбақ, жаңылтпаштар т.б ғана емес сонымен қатар баланың қиялын, шығармашылығын дамытуда әрбір жас ерекшелігіне қарай түрлі дәстүрден тыс сурет салу техникасын қолдануымызға болады.

СӘБИЛЕР ТОБЫНДА БАЛАЛАР ҮШІН:

саусақ суретін қолдануға болады, балалар саусақпен күзгі түрлі-түсті жапырақты салады, әр түс үшін түрлі саусақ қолданады.

ЕРЕСЕК ТОП БАЛАЛАРЫ ҮШІН:

- балауыз қарындаштары мен майысқан қағаз таңбасымен «Күзгі ағашты» салу;
 - дақтар техникасын қолдана отырып, «Көңілсіз ағашты» салу;
 - поролонмен таңбалау техникасын қолдана отырып, «Алма ағашын» салу;
 - монотипия техникасының көмегімен «Суға сәулесі түскен ағашты» салу;
 - түрлі-түсті не ақ-қара граттаж техникасында «Сиқырлы орманды» салу
- «Гүлдер» тақырыбында сурет салу барысында батырып салудан басқа
- «Себеттегі бәйшешекті» өшіргішті таңбалау арқылы салу;
 - «Жауқазынды» үлгімен салу;
 - «Күзгі гүл шоқ» суретін шашыратып салу;
 - бүктелген матамен «Раушангүлін» салу т.б.


Алақанмен сурет салу



Саусақ ұшымен сурет салу







ТРИЗ технологиясының барлық әдіс-тәсілдерін қолдану - баланың тілін, шығармашылық ойын, қиялын дамытуға септігін тигізеді. Балалар бұрынғыға қарағанда жақсы қарым-қатынас жасайды, өз ойларын жасқанбай айтады, алған білімдерін күнделікті өмірде қолданады.

ТРИЗ балаға мектепте және болашақ өмірінде қажет болатын, кез-келген жағдайда оң шешім табуға көмектеседі.



НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА РАХМЕТ!!